

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**



БЕКІТЕМІН

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

2025 ж.

**«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2024-2025 оқу жылында атқарылған
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**

Түркістан-2025ж.

2024-2025 оқу жылында «Математика және статистика» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жылдық есебі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 25.09.2024 ж. №183 бұйрығы негізінде АК төрағасы - PhD Ж.С.Еркишева, АК мүшелері, академиялық персонал – ф.-м.ғ.к. доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Н.У.Абишов, «КМФ» микро қаржылық ұйымы Түркістан филиалының директоры, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ә.М.Сәрсенбі- М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Теориялық және қолданбалы математика» ғылыми орталығы директоры, АК мүшесі, білімгерлер, Д.Шарафидинов, Ш. Маматжанов Н.Скакова, М.Адахамова болып 2024-2025 оқу жылында жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыстардың есебін талқылады.

2024–2025 оқу жылына «Математика және статистика» даярлау бағыты бойынша 6B05449 – Математика және 7M05426 – Математика білім беру бағдарламаларына қатысты академиялық комитеттің (АК) қызметі ұйымдастырылып, жылдық жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді.

Жоспар шеңберінде академиялық комитет мүшелері университеттің жаңартылған нормативтік-құқықтық құжаттарымен, атап айтқанда: білім беру бағдарламасы құрылымына, оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұнына, әзірлеу тәртібі мен есептілік рәсімдеріне енгізілген өзгерістермен толықтай танысты.

2024–2025 оқу жылында 1-курсқа қабылданған 64 білімгердің контингентіне талдау жүргізу барысында, өткен оқу жылымен салыстырғанда қабылдау көрсеткішінің артқаны байқалды. Бұл үрдіс мамандыққа деген қызығушылықтың өскенін көрсетсе де, білім алушылармен жүйелі кәсіби бағдар жұмысын одан әрі жалғастырудың өзектілігін айғақтайды. Алайда, бұл бағыттағы оң серпінді тұрақты сақтау үшін жыл сайын кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі түрде жетілдіру қажеттілігі атап өтілді.

Сонымен қатар, 2023–2024 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасу жағдайын сараптау нәтижесінде, бірқатар түлектердің жекеменшік секторда жұмысқа орналасқаны, алайда олардың мемлекеттік кадр тізілімінде тіркелмегені анықталды. Бұл дерек түлектердің еңбек нарығындағы орналасу статистикасын дәл және толық қамту үшін жекеменшік жұмыс орындарын да ескеретін кеңейтілген талдау механизмдерін қалыптастыру қажеттігін көрсетеді.

2023–2024 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін арттыру мақсатында мемлекеттік еңбек биржасының (жұмыспен қамту орталықтарының) электронды платформаларымен бірлесіп жұмыс істеу ұсынылды. Соның нәтижесінде 2022-2023 жылғы түлектерге қарағанда жұмысқа орналасу бойынша 2023-2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 86,9 пайызға жетті.

6B05449 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша өндірістік тәжірибе, жұмысқа орналасу және сапаны бағалау шараларына талдау жұмыстары жүргізілді.

2024–2025 оқу жылында 6B05449 – Математика білім беру бағдарламасының білім алушыларына арналған өндірістік тәжірибеден өту бойынша мекемелермен келісімшарттар жасалды. Осыған орай білім беру бағдарламасында (БББ) түлектер моделі негізінде кәсіби құзыреттерді меңгеру деңгейіне сәйкес жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту бойынша нақты іс-шаралар жүзеге асырылды.

Аталған оқу жылындағы жұмыс жоспары аясында қарастырылған мәселелерді талдау барысында, университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бірқатар өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар қаралып, толық мақұлданды.

Сонымен қатар, 6B05449 – Математика және 7M05426 – Математика білім беру бағдарламалары бойынша ішкі аудит жүргізіліп, жұмыс берушілердің бағдарламалардың құрылымына және мазмұнына деген қанағаттану деңгейі бойынша сауалнамалар ұйымдастырылды.

2024-2025 жылы 6B05449 – Математика бағдарламасына жаңартулар енгізілуіне байланысты жаңадан қосылған пәндердің мазмұны, оқытылу сапасы, өндірістік тәжірибе базасының жағдайы және лабораториялық құрал-жабдықтардың дайындығы жан-жақты қарастырылды.

Аудит нәтижелері мен жұмыс берушілер тарапынан жүргізілген сауалнамалар білім беру бағдарламасының құрылымы мен сапасына қанағаттанушылық деңгейін көрсетті. Жиналған деректер талданып, сауалнама нәтижелері құжатталып, БББ құжаттар тізіліміне тіркелді. Сонымен қатар студенттердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуін талдау мақсатында пән силлабустарына мониторинг жүргізілді. Бұл ретте курстан күтілетін оқыту нәтижелерінің (ПОН) білім беру бағдарламасының жалпы оқыту нәтижелерімен (ОН) сәйкестігіне, оқу үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігіне назар аударылды. Бұл талдау барысында пәннің ПОН-ы мен БББ-ның ОН-ы өзара үйлесімді болуына және пәнді оқыту барысында оқытушылар әрбір сабақта силлабусқа енгізілген әдістерді тақырып мазмұнына және студенттердің қызығушылықтарына сәйкес бейімдей алуына назар аударылды. Осы талаптар бойынша 2024–2025 оқу жылына жасалған силлабустар мониторингтен өтіп, 20 пән бойынша талдау жүргізілді. Мониторинг барысына тоқталатын болсақ, "Математикада ақпараттық технологиялар қолдану (Maple)" пәнінің силлабусы егжей-тегжейлі талданды. Пән сипаттамасында Maple жүйесінің жоғары деңгейлі проблемалық бағытталған бағдарламалау ортасы ретінде қолданылатыны, математикалық есептерді визуалдау мүмкіндігі және студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытудағы рөлі нақты көрсетілген. Силлабус бойынша бұл пәнге 6 кредит бөлініп, келесі ОН-дар енгізілген:

- **ОН 9:** математикалық ақпаратты алу, өңдеу, теориялық талдау, эксперимент жүргізу және бағалау;
- **ОН 10:** математиканы оқытудың заманауи технологияларын кәсіби қызметте қолдану.

Осы ОН-дарға сәйкес келесі ПОН-дар белгіленген:

- **ПОН 1:** алынған білім мен дағдыларды практикада қолдану;
- **ПОН 2:** ақпараттық технологияларды меңгеру және кәсіби салада пайдалану;
- **ПОН 3:** теориялық білімді практикамен ұштастыра білу;
- **ПОН 4:** статистикалық зерттеулер нәтижесін нақты ұсыныстар түрінде бере білу.

Силлабус талдау нәтижесі төмендегідей:

1. Пән сипаттамасы студентке курс мазмұнын, үйренетін дағдылар мен оның маңыздылығын айқын жеткізеді;
2. Курс оқу бағдарламасына толық сәйкес келеді;
3. ПОН мен ОН университет миссиясы мен стратегиялық мақсаттарымен байланысты;
4. ПОН білім алушыға бағдарланған, қызығушылық тудырады;
5. ПОН Дублин дескрипторлары мен Блум таксономиясына сәйкес;
6. Оқыту әдістері мен бағалау критерийлері ПОН-ға жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, "Математиканы жаңа технологиямен оқыту әдістемесі" және "Дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер" пәндерінің силлабустары тексеріліп, ОН мен ПОН арасындағы үйлесімділік расталып, 7M05426 – Математика БББ бойынша магистратура деңгейінде курстан күтілетін нәтижелер мен БББ-ның мақсаттары өзара сәйкестендірілгені, пән сипаттамасында игерілетін дағдылар нақты көрсетілгені және талаптарға толық сәйкес келетіндігі атап өтілді. Осы жасалған мониторинг барысында АК мүшесі доцент К.И. Усманов өз сөзінде: "Математик үшін басты әдіс – есеп шығару. Егер студент тақта мен бор арқылы берілген есепті шығарып, оны өз бетінше жалғастырып

үйренсе – бұл ең тиімді тәсіл. Біз дайындап жатқан болашақ маман цифрлық қоғам талаптарына жауап бере алуы керек, теорияны практикамен байланыстыра алуы тиіс" – деген пікірге тоқталып, мониторинг нәтижелері пәндердің оқу нәтижелері білім беру бағдарламасының мақсаттарына, университет миссиясына және сапа талаптарына толық сәйкес келетінін көрсетті. Силлабустар студенттің құзыреттілігін қалыптастыруда нақты бағытталған, ПОН мен ОН өзара сәйкестендірілген және білім алушылардың қызығушылығына бейімделген деген қорытынды жасалды.

6B05449-Математика және 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының ғылыми әлеуетін тоқталсақ: 1. Профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми метрикалық мәліметтер базасында индекстелген басылымдардағы жарияланымдарының көрінісі қазіргі ғалым үшін маңызды көрсеткіш болып табылады. WoS және Scopus ДБ Математика кафедрасының әрбір ғалымының кәсіби қызметін дамытуға ықпал ететін ғылыми ақпараттың ауқымды ресурстары болып табылады. Жыл сайын кафедраның ПОҚ 6B05449-Математика және 7M05426-Математика ББ бойынша өздерінің ғылыми еңбектерін рейтингтік базаларда жариялайды, Жарияланымдар бойынша барлық деректерді төмендегі 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 - Математика кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы халықаралық дәйексөз базаларында жариялау қызметінің көрсеткіштері

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID
1	Турметов Батирхан Худайбергенович	8925815900	F-4771-2014	0000-0001-7735-6484
2	Қошанова Майра Дәнебековна	57190029148	DXB-1629-2022	0000-0002-1377-4633
3	Назарова Кулзина Жаркимбековна	57203509563	AAR-3360-2020	0000-0002-2093-1879
4	Усманов Кайрат Идрисович	57192188040	ABE-9559-2021	0000-0002-1377-4633
5	Муратбекова Молдир Абдразаковна	56149153600	FKU-5455-2020	0000-0002-1377-4633
6	Боріханов Мейірхан Батырханұлы	57192188596	AAP-2479-2021	0000-0002-5687-0561
7	Турганбаева Жаннур Нуртаевна	57218701582	GHD-7721-2022	0000-0001-9680-2347
8	Баканов Галитдин Баканович,	6506392367	CEW-8581-2022	0000-0003-1262-7874
9	Еркишева Жазира Сабыровна	57218701532	СКР-4398-2022	0009-0005-7507-4535
10	Султанов Мурат Абдукадырович,	57189056487	AAA-7881-2019	0000-0002-0068
11	Сарсенов Бакытбек Темирбекович	57189000031	ABC-2564-2020	0000-0003-4763-867

ЖОО-ның ішкі рейтингтік жүйесіне сәйкес ip.ayu.edu.kz Математика кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы халықаралық дәйексөз базаларында жариялау қызметінің көрсеткіштері бойынша жоғары орынға ие және жалақыға қосымша ақы түрінде сыйақы алады.

Сонымен қатар, 6B05449-Математика және 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының барлық практика түрлері бойынша жұмыстардың атқарылу барысына тоқталсақ, 6B05449-Математика және 7M05426-Математика БББ бойынша білім алушылар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру барысында бағдарламалардың оқу жоспарларында көзделген оқу, өндірістік, зерттеу және педагогикалық практикадан өтеді. Білім алушылардың практикадан өтуі университетте оқудың барлық кезеңінде практикалық дағдылар мен құзыреттерді үздіксіз қалыптастыруды көздейтін үздіксіз практикалық дайындық тұжырымдамасына негізделеді. Практиканың барлық түрлері университет ректорының бұйрығымен бекітілген практика жетекшілерінің басшылығымен практиканы ұйымдастыруға және өту шарттарына қойылатын негізгі талаптарды қамтитын практика бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Практика бағдарламаларын Математика кафедрасының практика жетекшілері 6B05449-Математика және 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының бейінін, кәсіпорынның, ұйымның сипатын–практикадан өту орындарын (практика базасын), оқытудың күтілетін нәтижелерін ескере отырып әзірлейді. Өндірістік практика бағдарламалары практика базаларымен келісіледі, өйткені Түркістан қаласы практика базасының облыстық орталығы болып табылады, негізінен облыстық тергеп-тексеру департаменттері және қызмет салалары бойынша бағыт бойынша ұйымдар болып табылады. Барлық кезеңдерде практиканы ұйымдастыру түлектердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылардың кәсіби дағдыларды меңгеруінің үздіксіздігі мен дәйектілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

2024-2025 оқу жылында ББ жаңартылуына байланысты ББ пәндерінің жалпы саны мен мазмұны өзгерді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Пәндердің өзгеруіне байланысты силлабус, дәрістер мен практикалық (лабораториялық) сабақтар жинақтары, БӨЖ, ОББӨЖ тапсырмалары, емтихан сұрақтары т.б. дайындалды.

ХҚТУ-де білім алушыларды қорытынды аттестаттауда дипломдық жобаларды «УЕ-ХҚТУ-048-2021 Дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі» мен «УЕ-ХҚТУ-076-2022 Жоғары білім кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/ жоба дайындау туралы ережесі» сәйкес жүргізілген. ХҚТУ академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының бекітілген оқу жұмыс жоспарларында көзделген мерзімдерде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары үшін өткізілді. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау және тапсыру нысанында жүргізілді. Магистратура білім алушыларын қорытынды аттестаттау магистрлік диссертация/жоба, докторлық диссертация жазу және қорғау түрінде жүргізілді. Қазіргі таңдағы математиканың қолданыстары туралы өзекті тақырыптар болды. Диссертация немесе дипломдық жоба тақырыбының өзектілігі қандай болу қажет? Бұл мәселенің қазіргі қоғам үшін маңыздылығының, оны дамытудың маңыздылығының және оны шешудің нақты жолдарын табудың дәлелі. Диссертацияның немесе дипломдық жобаның авторы оның зерттеуінің өзектілігіне сенімді болуы керек және оны МЕК мүшелеріне дәлелдей алуы керек. Тақырыптың өзектілігін айта бастағанда, ұсынылған әдеби дереккөздерді, тек отандық қана емес, сонымен қатар шетелдіктерді де зерттеу қажет.

Академиялық ұтқырлық бойынша да бірқатар мәселелер қаралды. Академиялық ұтқырлықтың мақсаты-студентке оқытудың таңдалған бағыты бойынша білім алуға мүмкіндік беру, оған жетекші ғылыми мектептер құрылатын танылған білім орталықтарына қол жеткізуді қамтамасыз ету, студенттің мәдениеттің әртүрлі салаларында білімін дамыту. Айта кету керек, сыртқы академиялық ұтқырлық, ең алдымен, дәстүрлі шетелдік тағылымдамалардан ерекшеленеді, өйткені студенттер шектеулі, бірақ ұзақ уақытқа - семестрден оқу жылына дейін шетелге білім алуға барады. Тағылымдама барысында олар толыққанды оқиды, жеке пәндер мен тілді ғана емес, сонымен қатар негізгі жоғары білім беру мекемесіне оралғаннан кейін оқитын толық жылдық немесе семестрлік курстан өтеді. ХҚТУ-де Академиялық ұтқырлық мүмкіншіліктері УЕ-ХҚТУ-014-2023 Мәулана алмасу бағдарламасы туралы ереже негізінде де іске асырылуы мүмкін. Бұл бағдарлама бойынша бакалавриат деңгейінде 1-3 курс, ал магистратура деңгейінде 1 курс білімгерлері арасында ұйымдастырылады.

Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын әзірлеу бойынша. Бағдарламаның стратегиясы белгіленген құзыреттілік моделін қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ жұмыс берушілердің ықтимал шеңберін кеңейтуге бағытталған. Негізгі мақсаты-еңбек нарығында сұранысқа ие, қоршаған орта объектілерінің мониторингі саласында практикалық зерттеулер жүргізуге және биосфераның ластану дәрежесін айқындауға, кәсіби дағдыларды жетілдіру арқылы ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер қабылдауға жоғары қабілетті мамандарды даярлау. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы - негізі экологиялық сауаттылық компоненті ретінде жүйелі ойлауға бағытталған, сондай-ақ жұртшылықты экологиялық білімге көшуге және жеке мінез-құлықты өзгертуге назар аударудан шығуға, экологиялық білім беру мен оқытудың тұжырымдамалық моделін ұсынуға, экологиялық білімді табиғи ресурстарды басқарудың иерархиялық экологиясын, экологиялық саясатты және жергілікті әлеуметтік-экологиялық жүйенің басқа да элементтерін сипаттайтын тұжырымдамалық үлгілерге біріктіруге шақырды.

2025-2026 оқу жылына дайындық жұмыстарының тізімінде біріншіден БББ жұмыс берушілерінің және басқа ЖОО-ң сараптамасынан өткізу, пікірлері мен сауалнамаларын алу, келесі жылдың контингентін жоспарлау бойынша кәсіби-бағдар жұмыстарын атқару, ОЖЖ-ын әзірлеу болған. Осы жұмыстардың негізінде келесі жылға пән презентацияларын 1-4 курс білім алушыларының арасында өткізіп тіркелді. Пән презентациясының нәтижелері бойынша келесі оқу жылының жүктемесіне сәйкес силлабустарды әзірлеу жұмыстарын талдады. Талдау барысында НОЖ-ы бойынша өзгерістерді анықтап, жаңа пәндердің силлабустарының құрылымын жасау қажеттігі ескерілді.

Науырыз айында жыл сайынғы «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысы бойынша 2024-2025 жылы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын бағалау рейтингісі дайындалды. Математика және статистиика бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жұмыстарына тоқталсақ, соңғы жылдары 6B05449-Математика білім беру бағдарламасының 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілердің жалпы рейтинг критерийлері бойынша 3,40 % құрады. Білім беру бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылының бітіруші түлектері бойынша 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 100%-ы жұмыспен қамтылған болса, 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 88,5%-ы жұмыспен қамтылған .Рейтинг бойынша 2022 жылдың қорытындысы 6/9 көрсеткішті көрсеткен. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 6B05449 білім беру бағдарламасында жоғарлаған.

6B05449-Математика және 7M05426-Математика Білім беру бағдарламалары бойынша 6B05449-Математика 4 жыл ішінде және 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларында білім алушылар үшін 2 жыл ішінде іске асырылатын теориялық даярлық көлемі құзыреттілік тәсілі енгізілген, белсенді білім беру технологиялары пайдаланылған, жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту есебінен оқыту талаптарына

сәйкес келетін деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасында жоғары білікті мамандарды даярлау үшін қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жеткілікті. Бакалаврлар және магистратура халықаралық бағдарламалары негізінде құрастырылған жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын ескере отырып, пәндерді оқиды.

Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылына дайындық ретінде 6B05449-Математика және 7M05426-Математика Білім беру бағдарламалары жаңартылды. Жаңару барысында Ғылым және жоғары білім министрлігінің «AI-Sana» инновациялық жасанды интеллект бағдарламасы талқыланды. Бағдарламаның мақсаты – жоғары білім беру жүйесін жаңарту, ЖИ саласында білікті мамандар даярлау және ғылыми-технологиялық дамуды қолдау екендігі айтылып, АҚ отырысында AI-Sana бағдарламасының мазмұнына тоқталып, негізгі бағыттарына тоқталды:

- 100 мың студентті қамтитын білім беру жобасы;
- ЖИ технологияларын математика, инженерия және басқа салаларда қолдану;
- Экономиканың негізгі салаларында инновациялық шешімдерді енгізу.

Осы бағытта білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында мынадай ұсыныстар ұсынылды:

- **6B05449 – Математика** бағдарламасына «*Математика оқытуда жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері*» пәнін енгізу;
- **7M05426 – Математика** бағдарламасына «*Математикалық мәселелерді шешуге арналған жасанды интеллект құралдары*» пәнін қосу.

Академиялық кеңес отырысында ЖИ саласындағы инновацияларды білім беруге енгізу қажеттілігі айқындалды. Ұсынылған өзгерістер жоғары білім сапасын арттыруға және заманауи технологияларды оқыту үдерісіне интеграциялауға ықпал етеді.

Сонымен қатар 7M05426-Математика білім беру бағдарламасына ЖОО компоненттеріне «Математикалық мәселелерді шешуге арналған жасанды интеллект құралдары» және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығының «5. Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығы мен магистранттардың қажеттіліктері ескеріледі.

ӘАОО-ны қоспағанда, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті ғылым тарихы мен философиясы, кәсіптік шет тілін меңгеру, психологиялық-педагогикалық цикл саласында құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейтін, оқыту әдістемесі мен әдістері мен оқыту технологиясын қамтитын пәндерді қамтиды, бейіндік бағыт үшін – кәсіптік шет тілін меңгеру саласындағы құзыреттерді, басқарушылық құзыреттер мен басшылық дағдыларын қалыптастыруды көздейтін пәндер.» болу талаптары негізінде “Іргелі математиканы оқытудың әдістемесі және технологиялары” пәні бойынша әдістемелік пәндер қосылды. Сонымен қатар жаңартылған БББ-да “Зерттеулердің қолданбалы әдістері” және “Академиялық ғылыми жазба” пәндерінің ОН-дары мен пән сипаттамалары заманауи білім беру технологиялары мен жасанды интеллект мүмкіндіктеріне бағыттап өзгерістер жасалды. **6B05449 – Математика** бағдарламасына «*Математика оқытуда жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері*» пәнін енгізіліп, “Актуарлық және қаржылық математика” пәнінің мазмұны қаржылық сауаттылықты дамыту бағытта көзделіп, жаңартылды. “Қолданбалы математиканың қазіргі мәселелері”, “академиялық жазба” пәндерінің сипаттамасы заманауи оқыту технологияларына бейімделіп жаңартылды. Реестрге енгізіліп, 81,6 пайызбен мақұлданды.

«Математика және статистика» бағыты бойынша Академиялық комитеттің жүргізіп жатқан жұмыстардың үлкен көлемін қорытындылау, сондай-ақ, 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларын дамытудың жай-күйі мен

тенденцияларының мазмұнды және көрнекі бейнесін алу үшін төменде SWOT талдауы берілген.

SWOT талдау	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің мазмұны түлек моделінің талаптарына сәйкес келуі; 2. «Математика және статистика» бағыты бойынша кафедра мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз жұмыстар жоғары деңгейде орныққан, яғни БББ-ның жасалуына, түлектердің жұмысқа орналасуына және практик мамандардың сабақ беруіне жағдайлар қарастырылған; 3. 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалар түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіштерінің жоғары болуы; 4. «Математика және статистика» бағыты бойынша ОПҚ-ның ғылыми дәрежелігінің жоғары болуы; 5. Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесінің реестірінде (http://esuvo.platonus.kz/) 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: 81,6 пайызбен, 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: 93,21 пайызбен өтті. 6. 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалары Білім Беру Сапасын Қамтамасыз Ету Тәуелсіз Агенттігінің (БСҚА) аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкес екендігіне расталып, сертификат алынды	6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларына дәріс беретін профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми әлеуеті бойынша ғылыми дәрежесі бар кадрлардың картаю тенденциясы, орташа жасы 56,5 жас.

Қорытындылай келе, «Математика және статистика» бағыты бойынша Академиялық комитеттің 2024-2025 оқу жылында атқарылған көптеген жұмыстар жоспар бойынша уақытылы жүргізіліп, оқу үдерісіне қажетті барлық іс-құжаттармен қамтамасыз етілген. Жүргізілген SWOT талдаудың нәтижесін қорытындылай келе, 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының оқу үдерісіне қажетті техникалық құралдардың жетіспеушілігі мен кейбіреулерінің мүлдем болмауының салдарынан, түлектің кәсіби ортада толық жетілуіне тежеуші фактор екендігі айқындалды.

«Математика және статистика» бағытының

Академиялық комитет төрағасы:



Ж.С.Еркишева